

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

# АТЫРАУ

Газет 1923 жылғы  
сәуірдің 1-нен шыға бастады

№82 (19765)  
СЕЙСЕНБІ,  
22 шілде,  
2014 жыл

[www.atr.kz](http://www.atr.kz)

## Қазақ поэзиясының ақиығы

*XX ғасырда өзінің жалынды жырларымен қазақ поэзия әлемінде өшпес шуақ қалдырған Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Атырау топырағының асыл перзенті Хамит Ерғалиұлының туғанына 100 жыл толды. Ол өткен ғасырда өмір сүргенімен, қазіргі ғасырдың әдебиет әлеміне арнап поэтикалық ғимарат тұрғызып кеткен еді.*

Хамит Ерғалиевтің шығармашылығы отызыншы жылдардың орта кезінде басталды. Алғашқы өлеңдері газет беттерінде жарық көріп, оқырманын бірден жаулап алды. Жас ақын өлең-жырлармен қатар, «Ұлы кек», «Ақырап», «Шыңдағы сұлу», «Дүние теңселгенде» деген дастандар да жазды. Ақынның таланты Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше көрінді. Майданда жүріп, ой өрнектерін дәптеріне түсіре берген екен. Алайда, төрт жыл бойына жазған өлең дәптері жоғалған көрінеді. Бұған Хамит аға өмір бойы өкінді. Сол дәптермен бірге жас ақынның жастық адуын көңілі, асқақ толғаныстары да жоғалғандай.

Баспасөз беттерінде соғыстың соңын ала қазақ поэзиясындағы ерекше құбылыс болып «Әке сыры», «Жас ана» дастандары жарияланғанда халыққа ақын ретінде анық танылды. «Дүниеге ақын келді» деп ел дүр сілкінді. Бұл заңды еді. Өйткені, қазақ өлеңінде жаңа леп есті.

Ақын шығармашылығы жаңа дастандармен басталғанда: «Хамит деген ақын өлеңнен гөрі тек дастан жазады екен» деген лақап тарапты. Өлеңсүйер халықтың бұлай деуіне ақынның майдан дәптерінің жоғалып, бейбіт кезеңдегі өлеңдерінің жаңаша көрінуі себепкер еді. Ақындық өлеңнен бастау алып, өлеңмен қалыптасады. Кейіннен молырақ дүниеге келген өлеңдері мәрмәр тастан қашап тастаған ерекше келбетті мүсіндердей. Хамит өлеңдері – тұп-тұтас азаматтық лирика. Ал, мұның өзі талай тақырыптарға салаланады. Адам өмірінің алуан мәселелері қозғалады: бейбітшілік, соғысқа лағнет, болашақ, халықтар достығы, Отан, туған ел, тағысын тағылар.

Мойынты-Шу теміржол құрылысына арналған «Үлкен жолдың үстінде», елдегі еңбек қасиетін толғаған «Сенің өзенің», ауылдың кескін-келбетін, тыныс-тіршілігін суреттеген «Біздің ауылдың қызы», азамат соғысындағы айбынды ерлердің ерлігін бейнелеген «Оралдағы отты түн», халықтар достығына назар аудартқан «Аңыз ата», күй атасы Құрманғазы туралы «Құрманғазы» дастан-диалогиясы, «Күй-дастан», «Қыз-хисса», «Шекара сырын шертейік», «Қаһарман хикаясы», «Жылдар-жылдар», «Өлке шежіресіндегі өрнектер», тағы басқа дастандар жазды. Академик Зейнолла Қабдолов былай дейді: «... Осының бәрі Хамит Ерғалиевтің әр алуан дәуірлік кесек шындықты көркем жинақтардағы әдемі әрекеті болса, өнер

*тұрғысынан қарасақ, қазақ поэзиясының күрделі этикалық жанрын дамытудағы айта қаларлық абыройлы еңбегі деп білген жөн».*

Хамит – жаңашыл ақын. Біз оның әр өлеңінен, әр дастанынан өлең өрнегінде болсын, сөз кестесінде болсын, жаңалықты мол ұшыратамыз.

*«Хамаң өлеңнің құрылымдық, ұйқастық, ырғақтық, саздық тағымдылығына аса қатты мән берген. Ал, таңғалмасыңа қоймайтын соны да тосын ұйқас жасауда Хамит нағыз рекордсмен деп ойлаймын»* – дейді Әбіш Кекілбаев.

Ақын поэзияда әрдайым шалқып өтті. Ол туған елінің бірде шығысында, бірде батысында жүрді. Аққудай аппақ басы жарқ етіп, Атырауға келсе, қарлы шынды Алатау көшіп келгендей, Алатауға барса, ақжал толқынды Атырау көшіп барғандай болатын. Хамит ақын әрқашан халық құшағында жүретін, енді поэзиясы халықпен мәңгі бірге.

Дүлдүл ақын Хамит поэзиясы ғасырлар бойына қазақ халқымен бірге жасай береді.

*Қадыр ЖҮСІП, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы*